



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағенімізі

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

ЖОБА

Қазақстан Республикасының Конституциясы

Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы казак жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып,
Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап,
мемлекеттің ұнитары сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына кол сұғуға болмайтын нақтылап,
Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып,
адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп,
бірлік пен ынтымақ, этикааралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп,
мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып,
табиғатты аялау қажеттігін мойындап,
бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып,
келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп,
Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз.

I бөлім Конституциялық құрылыс негіздері

1-бап
Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2-бап
1. Қазақстан Республикасы – унитарлы мемлекет. Басқару үлгісі – президенттік республика.
2. Қазақстан Республикасының Егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, кол сұғылмауын, бөлінісін қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы конституциялық заңда айқындалады.
4. Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы. Елорда мәртебесі конституциялық заңда айқындалады.
5. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атуаларының мөні бірдей.
6. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (ақша бірлігі) – теңге.
7. Теңгені эмиссиялау айрықша құқығы Қазақстан Республикасына тиесілі.
8. Қазақстан Республикасының Егемендігі, Тәуелсіздігі, ұнитарлығы, аумақтық тұтастығы мен басқару үлгісі өзгермейді.

3-бап
1. Қазақстан Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпаудылық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отанышылдық идеясын игігеріту; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениетті қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.
2. Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытады мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таныды.

4-бап
1. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендік несі.
2. Халық билікті жалпыхалықтық референдум және еркін сайлау арқылы тікелей жүргізеді, сондай-ақ өз билігін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.
3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім

де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кету заңмен қудаланады. Халық пен мемлекет атынан әрекет ету құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ конституциялық өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттігін шегінде мемлекет атынан әрекет етеді.
4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас, ол заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөліну және өзара іс-қимыл жасау қағидатына сәйкес Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады.
5-бап
1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы – Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты мен Қазақстан Республикасы Сотының нормативтік қаулыларының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарт міндеттемелерінің нормалары.
2. Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылады.
3. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады.
4. Барлық заңдар мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы – оларды қолданудың міндетті шарты.
5. Азаматтарға жана міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды.
6. Жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.
7. Жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоғайтн немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады.
8. Қазақстан Республикасының жекелеген өңірлерінің экономикасын қарқынды дамыту мақсатында қаржы саласына қатысты арнаулы құқықтық режим немесе «қарқынды дамытын қала» арнаулы құқықтық режим конституциялық заңдарға сәйкес белгіленуі мүмкін. Осы арнаулы құқықтық режимдер мемлекеттік басқару, сот жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктерін көздейі мүмкін.

6-бап
1. Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандық танылады.
2. Қоғамдық бірлестіктің заң алдында тең. Мемлекеттің қоғамдық бірлестік ісіне, ал қоғамдық бірлестіктің мемлекет ісіне заңсыз араласуына және қоғамдық бірлестікке мемлекеттік органдар функцияларын жүзеге жол берілмейді. Мемлекеттік органдар саяси партия ұйымын құруға жол берілмейді.
3. Мақсаты немесе әрекеті конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуге, Қазақстан Республикасының тұтастығын және қоғамдық тәртіпті бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестік құруға және оның қызметін, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскериландырылған жасақ құруға тыйым салынады.
4. Басқа мемлекеттің саяси партиясы мен көсіптік одағының, діни негізделген саяси партияның қызметіне жол берілмейді, сондай-ақ саяси партия мен көсіптік одақты шетелдік заңды тұлғаның, шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаның, шет мемлекет пен халықаралық ұйымның қаржыландыруына жол берілмейді.
5. Коммерциялық емес ұйымның шет мемлекеттен, халықаралық және шетелдік заңды тұлғадан,

шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамнан алатын ақша қаражатының қозғалысы және активтері туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ашық ері қолжетімді болуға тиіс.

7-бап
1. Дін мемлекеттен бөлек.
2. Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында шектелуі мүмкін.
8-бап
1. Қазақстан Республикасында барлық мешік түрі танылады, оларға кепілдік беріледі және тең қорғалады.
2. Мешікті пайдалану қоғам мен мемлекет мүддесіне сәй келуге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы белгіленген талаптар сақталып іске асырылуға тиіс, басқа тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуі тиіс. Мешік субъектілері мен объектілері, мешік иелерінің құқықтарының көлемі мен шегі, оларды қорғау кепілдіктері заңда айқындалады.
3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан мешік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

9-бап
1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында казак тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады.
3. Мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қамқорлық көрсетеді.

10-бап
Қазақстан Республикасы халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларын құрметтейді, мүдделі мемлекеттермен бейбітшілік пен ынтымақтастықты, олардың ішкі ісіне араласпауды, халықаралық дауды бейбіт жолмен шешуді көздейтін сыртқы саясат жүргізеді.

11-бап
Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңда белгітеледі.

II бөлім Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер

12-бап
1. Әр адамның құқық субъектісі ретінде танылуға құқығы бар.
2. Әр адам құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен, оның ішінде қажетті қорғағын арқылы қорғауға құқылы.
3. Әр адамның өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.
4. Қазақстан Республикасында заңға сәйкес билікті заң қомегін алу құқығы танылады.

13-бап
1. Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол берілген негізге қарамастан бірыңғай және тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматы өз азаматтығынан айыруға, азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерге

аластатуға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыс жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін сот шешімімен ғана жол беріледі.
3. Қазақстан Республикасының азаматында қос немесе көп азаматтығы болуына жол берілмейді. Өзге ел азаматтығының болуы Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуға негіз болады. Шет мемлекетте туғанына байланысты сол мемлекеттің азаматтығын алған қолмектегі толмаған балаға қатысты заңда көзделген ерекшелер қолданылады.

14-бап
1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеле белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматы шет мемлекетке берілмейді.
2. Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді.

15-бап
1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.
2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тұрмысынан тиесілі, олар ажыратуға және айыруға болмайтын деп танылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының мазмұны мен қолдануы осыған қарай айқындалады.
3. Қазақстан Республикасы азаматының өз азаматтығына орай құқықтары мен міндеттері бар.
4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда көзделген жағдайда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасының азаматы үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.
5. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру басқа тұлғаның құқықтарын бұзбауға және бостандықтарын шектемеуге тиіс, конституциялық құрылыс негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге тиіс.
6. Әр адамның мемлекеттік органның немесе оның лауазымды адамының заңсыз әрекетімен келтірілген зиянды мемлекеттен өтеітін алуға құқығы бар.

16-бап
1. Заң мен сот алдында бөрі тең.
2. Қазақстан Республикасының азаматын, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе уақытша жүрген шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамды тегін, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жанысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де себептерге байланысты кемсітуге болмайды.

17-бап
1. Өмір сүру құқығы – әр адамның ажыратуға және айыруға болмайтын құқығы.
2. Ешкімнің өз бетімен адам өмірін қиюға құқығы жоқ.
3. Өлім жазасына тыйым салынған.

18-бап
1. Әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына кол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі.
2. Сот шешімініңсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды.
3. Қүзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі.
4. Ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сотпен бастап адвокат (қорғаушы) қомегін пайдалануға құқығы бар.

Жалағаш 2,3-бетте

Пікір

Конституциялық реформа – Мемлекет басшысы бастамашы болған ауқымды жаңғыртулардың дәйекті жалғасы. Бұл саяси бағдар әділеттілік, заң үстемдігі және биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты маңызды қағидаттарға негізделген.

Жаңғыруға нақты қадам

Иә, елімізде Президенттің бастамасымен барлық салада көшенді жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Конституциялық реформа сол іргелі өзгерістердің заңды әрі дәйекті жалғасы екені айтпаса да түсінікті. Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа Конституция жобасы республикалық референдумға шығарылды. Енді 15 наурызда азаматтар өз таңдауын жасайды деген сөз.

Бұл елдің саяси жүйесін демократияландыру жолындағы маңызды қадам болмақ. Өйткені жаңа Ата Занда мемлекеттілікті нығайтуға, Тәуелсіздікті күшейтуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға баса мән берілген. Конституциялық реформа «Заң мен Тәртіп» қағидатына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және орнықты даму бағдарына негізделіп отыр.

Жаңа Конституция жобасы «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асырудың құқықтық негізін қалайды. Құжатта елдің зияткерлік әлеуетін дамытуға және халықтың бірлігін нығайтуға берік кепіл болатын басымдықтар қамтылған. Бұл жаңа Ата Заңның адамға бағдарлануын, мазмұнының айқындығын және қоғамды ұйыстырушы рөлін анық көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасы өткеннің инерциясынан саналы түрде арылып, заманауи мемлекеттік модельге көшуге жол ашады. Ата Зандағы тұжырымдамалық өзгерістердің бірі адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекіту екені сөзсіз. Жаңа Конституцияда дәл осы қағида мемлекеттің құрылым жүйесінің іргетасына айналмақ. Бұл – «Әділетті Қазақстан» идеясын декларация деңгейінде емес, нақты конституциялық нормалар арқылы жүзеге асырудың тиімді тетігі.

Жаңа Конституция жобасын тарихи құжат деп атауға болады. Бұл шешім қоғамдық келісімнің жаңа үлгісіне көшу және ішкі сураныстар мен сыртқы сын-қатерлерге берілген жауап болды.

Жаңа Конституция алдағы жылдарда Қазақстанның тұрақты, қауіпсіз әрі серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және саяси құрылымды қалыптастыруға негіз болады. Бұл қадам қазіргі және келешектегі сын-қатерлерді еңсерсе алатын тиімді жүйе құруға жол ашады. Қазір Егемендікті күшейтуге, Тәуелсіздікті нығайтуға, еліміздің қуатты дамуына жағдай жасауға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға баса мән беру керек. Бұл Қазақстан әлемдік экономика мен саясатта лайықты орнын иелене алатынына нақты кепіл болмақ.

Дина МИРМАН,
Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Қоғам үшін ортақ жауапкершілік

Конституциялық реформа – ел болашағын айқындайтын тарихи шешім. Жаңа Конституция жобасының басты өзегі – азаматтардың игілігі мен елдің тұрақты дамуына негізделуі. Жаңа преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде айқын белгіленді.

Иә, жаңа редакцияда бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің берік іргетасы ретінде бекітілген. Егемендік пен Тәуелсіздік, елдің аумақтық тұтастығы өзгермейтін құндылықтар санатына енгізілген. Сонымен қатар әділеттілік, заң мен тәртіп, табиғатқа жауапкершілікпен қарғау қағидаттары алғаш рет негізгі заң деңгейінде айқындалып отыр. Бұл қоғамдағы әділдік пен тәртіпті нығайтып, өскелең ұрпақ алдындағы экологиялық жауапкершілікті де заңдық тұрғыда бекітеді.

Жаңа Ата Заң – бүкіл қоғам үшін ортақ жауапкершілік. Нақтырақ айтсақ, Ата заңның тағдыры – тек заңгерлер мен саясаткерлердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Әсіресе мәдениет пен өнер саласының өкілдері үшін бұл құжаттың мәні жоғары.

Жаңа Конституция жобасында мәдениет, ғылым мен білімді дамытуға ерекше мән берілген. Алғаш рет «тарихи-мәдени мұраны сақтау» мен «төл мәдениетті қолдау» негізгі қағидаттар ретінде айқындалып отыр. Сондай-ақ азаматтардың тарихи және мәдени мұраға ұқыпты қарау міндеті бекітілген.

Мемлекет мәдени аралуандықты, ғылыми ізденісті және білімге негізделген дамуды стратегиялық басымдық ретінде белгілейді. Зияткерлік меншікті қорғау конституциялық деңгейде бекітіліп, шығармашылық еркіндік мазмұндық тұрғыдан нақтыланған. Сондай-ақ алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма енгізілген. Бұл жаңа технологиялар дәуірінде адамның жеке деректері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашады.

Отбасы институтына қатысты да нақты норма қамтылған. Конституцияда неке ер адам мен әйел адамның ерікті таңдауы мен тең құқығына негізделген одақ екені айқын көрсетілген. Жаңа Конституция – адам құқықтарына түбегейлі бағдарланған және жаңа қоғамдық келісімнің берік негізін қалыптастыруға бағытталған құжат.

Алдағы референдум – кезекті саяси науқан емес, болашағымыздың басты құқықты кепілі. Оның сәтмен өтуі – сіз бен бізге тікелей байланысты. Сондықтан баршамыз жаңа Конституцияны қолдауымыз керек.

Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Үкімет отырысы

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

Ел игілігі мен азаматтар мүддесі үшін еңбек ету қажет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндады.

Былыр елімізде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері 5 пайыз артып, 2,2 млн кәсіпорыннан асқан. Секторда жұмыспен қамтылғандар саны 3,9 пайызға өсіп, 4,5 млн адамды құрады, бұл жұмыспен қамтылғандардың шамамен 64 пайызы және елдің барлық экономикалық бөлесінде халқының жартысына жуығына сәйкес келеді. Жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнесің үлесі 40,5 пайызды, өнім шығару көлемі шамамен 73 трлн теңгені құрады.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында азаматтардың табыс деңгейінің артуы экономиканың өсуі қарқынына сәйкес келмейтіні айтылды. Еңбеканың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің көрсеткіші шамамен 31 пайызды құрап отыр. Бұл – Орталық Азия үшін жоғары көрсеткіш. Бірақ меже одан жоғары, яғни әлемдік орташа көрсеткіш 40 пайызға және одан жоғары деңгейге жету керек.

Олжас Бектенов өңдеу өнеркәсібін дамытуды ынталандыру бойынша қабылданып жатқан шараларға да тоқталды. Өңдеу өнеркәсібінің қазіргі өсу қарқыны экономиканы толыққанды әртараптандыру үшін жеткіліктісі екені айтылды. Бұған қажетті серпін беру мақсатында өңдеуші кәсіпорындардың дамуын ынталандыратын жобаларды жүзеге асыру қажет. Өңдеу саласына келетін инвестиция көлемінің тұрақты өсуі үшін экономиканы шикізатпен қамтамасыз ету маңызды, соған байланысты геологиялық барлау жұмыстарын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Былыр майлы дақылдарды, жүнді, ет пен сүтті терең өңдеуге, сондай-ақ құрама жем мен шырын өндіруге арналған 6 кәсіпорын іске қосылған. Агроөнеркәсіп кешенінде 10 зауыт салынуда, алайда саланың әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Осы ретте Үкімет терең өңдеу жобаларына арнайы мемлекеттік қолдау көрсетуде. Мәселен, астықты өңдеуде инвестициялық субсидиялар 60 пайызға ұлғайтылған. Ал жабдықты импорттау мен негізгі қызмет түрлері бойынша салықтардан босату көзделген.



Агроөнеркәсіп кешенінде саланың көрсеткіштері ғана емес, сонымен қатар ауылдық және өмір сапасына да әсер етіп отырған бірқатар шешімін күткен мәселелер бары айтылды. Көлемді инвестициялар мен үздік агротехнологиялар егін саласында өнімділікті арттыруға мүмкіндік берсе, мал шаруашылығы бұл жағынан едәуір артта қалған. Аталған салада өсім 2-3 пайыздан аспайды. Бұл өзін-өзі қамтамасыз ету, өңдеуді дамыту, экспорт көлемін арттыру сияқты мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді. Ветеринария, мал шаруашылығын ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету бағытында да мәселелер жеткілікті.

Кейбір ірі жер иеленушілер маусымдық кезеңде ғана жұмыс істеп, қалған уақытта ауылда жұмыссыздық бөлен алады. Сондықтан 10 мың гектардан астам жерді пайдаланып отырған кәсіпорнлерге міндетті түрде мал шаруашылығын жүргізу талаптары қойылған. Орындамаған жағдайда тиісті шаралар қабылданбақ, оның ішінде жерді қайтарып алу тетіктері де бар.

Мал шаруашылығын дамыту бойынша кешенді жоспарда асылтұқымды мал басын сатып алуға жетілдірілген несие беру, малшылардың балаларына білім гранттарын ұсыну, жасанды ұрықтандырудың заманауи технологияларын енгізу және жайылымдық мал шаруашылығын дамыту шаралары көзделген. Сондай-ақ еліміздің су шаруашылығын кезең-кезеңімен жаңғырту жөніндегі шаралар жүзеге асырылуда.

Былыр 700 шақырым су арнасы қайта жаңғыртылса, биыл тағы 986 шақырымда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Төрт су қоймасы жаңартылды, биыл тағы төрт нысанды жаңарту және үш жаңа су қоймасының құрылысы басталады. Су ресурстарын кешенді басқарудың бас жоспарына негіз болатын сегіз бассейндік жоспарды әзірлеу аяқталмақ.

Жыл соңына дейін еліміздің су-энергетика ресурстарының картасы әзірленеді. Бүгінде суармалы жерлердің үштен бірінен астам бөлігі су үнемдеу технологияларымен қамтылған. Нәтижесінде былыр 847 млн текше метр суды үнемдеуге мүмкіндік берді. Алдағы уа-

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қазақстан Республикасының Конституциясы

19-бап

1. Заңды күшіне енген сот үкімімен адам кінәлі деп танылмайынша, ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі емес деп саналады.

2. Ешкім өз-өзіне, жұбайына (зайыбына) және заңда айқындалған жақын туыстарына қарсы айяқ беруге міндетті емес.

Діни қызметшілер өздеріне сеніп, сырын ашқан адамдарға қарсы куәлік етуге міндетті емес.

3. Адамды дәл сол құқық бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға тыйым салынады.

20-бап

1. Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды және олар заңмен қорғалады.

2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқа да қатыгездік көрсетіп немесе адамның қадір-қасиетін қорлап жәбірлеуге не жазалауға болмайды.

21-бап

1. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығына, жеке және отбасы құпиясының бөлу құқығына, ширфтық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, оңдәуді, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі.

2. Банк операцияларының, жеке салымдар мен жинақтардың, жазысқан хаттардың, телефон арқылы сойлескен сөздердің, пошта хабарламаларының және байланыс құралдары, оның ішінде ширфтық технологияларды қолдану арқылы берілетін өзге де хабарламалардың құпиясы заңмен қорғалады. Бұл құқықты шектүеге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен ғана қол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары ар адамға өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжатпен, шешіммен және ақпарат көзімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

22-бап

1. Әр адам өзінің кай ұлтқа жататынын айқындауға, оны көрсетуге не көрсетпеуге құқылы.

2. Әр адамның ана тілі мен төл мәдениетін қолдануға, қарым-қатынас жасауға, тәрбие беру, оқу мен шығармашылық тілін еркін тандауға құқығы бар.

23-бап

1. Сөз еркіндігіне, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі.

2. Зияткерлік меншік заңмен қорғалады.

3. Мемлекеттік құпияларды қоспағанда, еркін ақпарат алу және тарату құқығы заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен іске асырылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер тізбесі заңда айқындалады.

4. Сөз еркіндігі және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысына нұқсан келтірмеуге, қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс.

5. Цензураға тыйым салынады.

6. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуға, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қаткықты, әулеттік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға қол берілмейді.

24-бап

1. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әр адамның ел аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жерін еркін тандауға құқығы бар.

2. Әр адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығуға құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен қол беріледі. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар.

25-бап

1. Әр адамның ар-аждан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-аждан бостандығы құқығын пайдалану жалпыадамзат пен азамат құқықтарын, мемлекет алдындағы міндеттерді шектемеуге тиіс.

26-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестік құру бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестік қызметі заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты және өзге де соттары төрағалары мен судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғарғы аудиторлық палатасы төрағалары мен мүшелерінің, құқық қорғау органы және арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері мен жұмыскерлерінің, әскери қызметшілерінің саяси партия мен көсіптік одаққа болуға, қандай да бір саяси партияға немесе қоғамдық-саяси қозғалысқа қолдау көрсетуге не сыни пікір білдіруге құқығы жоқ.

27-бап

1. Әр адамның еңбек етуге, қызмет пен көсіп түрін еркін тандауға құқығы бар. Еңбекке мәжбүрленіп ертілу қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған үшін адамды кінәлі деп таңу туралы сот актісінің негізінде, не төтенше жағдайда, не соғыс жағдайында жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасы қауіпсіздік пен ғипиана талаптарына сәй еңбек жағдайлары құқығына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алу, сондай-ақ әлеуметтік қорғау құқығына заңға сәйкес келуімік береді.

3. Заңда белгіленген төсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы танылады.

4. Тынығту, жұмыс уақытының ұзақтығы, демалыс және мереке күндері, ақм төлеетін демалыс құқығына заңмен кепілдік беріледі.

28-бап

1. Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге қол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны қарап-тексеруге, тіптіуге заңда белгіленген жағдайда және көзделген тәртіппен жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында өз азаматтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуге жағдай жасалады. Тұрғын үй оған мұқтаз азаматтардың заңда көрсетілген санаттарына заңда белгіленген нормаларға сәйкес беріледі.

29-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының заңды түрде алған кез келген мүлікке жеке меншік құқығы бар.

2. Меншікке және мүрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі.

3. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүліктен айыруға болмайды. Заңмен көзделген айрықша жағдайда мемлекет мұқтазға үшін мүлікті мәжбүрленіптен шығаруға оның тең құны өтегені кезде жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасы көсіпкерлік қызмет бостандығын құқығына, өз мүлікн кез келген заңды көсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалану құқығына қолдік береді. Монополистік қызмет заңмен реттеледі немесе шектеледі. Жосықсыз бөсектегі тыйым салынады.

30-бап

1. Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады.

2. Неке – ер мен әйелдің мемлекет заңға сәйкес тіркелген ерікті және тең құқықты одағы.

3. Балаға қамқорлық жасау және тәрбие беру – ата-ананың етең құқығы әрі міндеті.

4. Көмектеге толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.

31-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматына жалалы мен зейнетақының ең төмен мөлшеріне кепілдік беріледі, сондай-ақ жасына, науқас-тануына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік беріледі.

2. Қазақстан Республикасында ерікті әлеуметтік сақтандыру, өзге де әлеуметтік қамсыздандыру нысандары, волонтерлік қызмет пен қайырымдылық қолдау табыды.

32-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналасатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

33-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында ақы төлемей орта білім алуына кепілдік беріледі. Бастауыш және негізгі орта білім міндетті.

2. Қазақстан Республикасы азаматтың заңға сәйкес жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға құқығы бар.

3. Жекеменшік оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекет жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Барлық оқу орнаның қызметі осы стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

5. Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүзесі зайырғы сипатқа ие.

34-бап

Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт жиналысқа құқығы бар. Бұл құқықты пайдалану конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында заңмен шектелуі мүмкін.

35-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өз жүгінууге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініш жолдауға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ жалпыхалықтық референдумға қатысуға құқығы бар. Жалпыхалықтық референдум өткізу тәртібін конституциялық заңда айқындалады.

3. Сот әрекетке қабілетсіз деп таныған Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға қатысушы кінәсінен сот заңда белгіленген тәртіппен аныған Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлануға құқығы жоқ.

4. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатура қоыылатын талаптар заңға сәйкес лауазымдық міндеттің сипатына ғана қатысты болады.

36-бап

1. Әр адам Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын мемлекеттік саясатта, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

2. Әр адам Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздерін құрметтеуге міндетті.

37-бап

1. Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатын сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті.

2. Мемлекет адамның өмір сүруге және денсаулығына қолайлы болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді.

3. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қатер төндіретін фактілерді, мән-жайларды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

38-бап

Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу – әр адамның борышы мен міндеті.

39-бап

1. Қазақстан Республикасынан қорғау – оның әр адамның заңсыз еркітін пазары мен міндеті.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары әскери қызметті заңда белгіленген түрде және көзделген тәртіппен өткереді.

40-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұранын сақтауына қамқор болуға, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға міндетті.

41-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылыс негіздерін, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығы мен қоғамның адамгершілік болмысын сақтау мақсатында тек заңмен және қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін.

2. Этносаралық және конфессияаралық та-тулықты бұзуға алып келетін әрекет консти-туциялық емес деп танылады.

3. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси себептермен шектеуге жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12, 14, 16, 17, 20, 22, 25-баптарында

көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелмеуге тиіс.

III бөлім Президент

42-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстан атынан ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның, маңыздылығының, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқық-тары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының үйлесімді әрі кедергісіз жұмыс істеуін, билік органдарының біртұтас Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

43-бап

1. Қазақстан Республикасының Президентін Қазақстан Республикасының көмектеге тәуелсіз азаматтары конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және тең сайлау құқығы негізінде жасырын даусы беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Конституцияға сәйкес бір адам бір реттен артық Қазақстан Республикасының Президенті болып сайлана алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті болып тұмысынан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын, жоғары білімі бар және мемлекеттік қызметте немесе сайлаушы мемлекеттік лауазымда кемінде бес жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы оның өкілеттігін мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей өткізіледі және Қазақстан Республикасы Құрылтайының жаңа құрамын сайлау мерзімімен түспә-түс келмеуі тиіс.

4. Даусы беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астам даусыын алған кандидат сайланды деп саналады. Кандидаттардың ешқайсысы елу пайыздан астам даусы ала алмаса, ең көп даусы санын алған екі кандидат қайта дауысқа салынады. Даусы беру қатысқан сайлаушылардың ең көп даусы санын алған кандидат сайланды деп саналады.

5. Осы баптың 1-тармағының ережелері өзгермейді.

44-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, өзіме жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіредісі.

2. Ант беру рәсімі сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының, Конституциялық Соты, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің, сондай-ақ қоғам өкілдері мен шақырылған шешел азаматтарының қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 51-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен орнынан түсуіне, денсаулық жағдайына қарай өз міндеттерін атқаруға тұрақты қабілетінің болмауына немесе қызметінің кетірілуіне байланысты мерзімнен бұрын лауазымынан босатылған не қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі тоқтатылады. Қызметінен кетірілушілерден басқа, Қазақстан Республикасының барлық бұрынғы Президеттерінің Қазақстан Республикасының экс-Президенті атағы болады.

45-бап

1. Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде өкілді органның депутаты болып сайлануға, өзге де ақм төлеткін лауазымды атқаруға, көсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ саяси партияда болуға құқығы жоқ.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің заңмен азаматтарын мемлекеттік саясатта, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

46-бап

Қазақстан Республикасының Президенті: 1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жолдау жасайды;

2) депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Қазақстан Республикасының Президентінің заңмен Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындайды; Вице-Президентті лауазымынан босатады, оның өкілеттігін айқындайды.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республи-касының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

3) Қазақстан Республикасы Құрылтайының кезекті және кезектен тыс сайлауын тағайындайды; Құрылтайдың бірінші сессиясын шақыра-ды және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін атынан қабылдайды; Құрылтай жөзектегі тыс сессиясын шақырады; Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды немесе заңды не оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарды;

4) Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын келісім беру үшін Құрылтайдың қарауына ұсынады; депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Премьер-Министрі тағайындайды;

Премьер-Министрді лауазымынан босатады; Премьер-Министрді ұсынұмымен Үкімет құрылымын айқындайды; Құрылтаймен консульта-циядан кейін Премьер-Министр ұсынған Үкімет мүшелерін тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін лауазымынан босатады; Үкімет мүшелерінің атынан қабыл-дайды; аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырастырына тарағалық етеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден қайта

бас тартылған жағдайда Қазақстан Республи-касының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Жоғарғы Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын, Жоғарғы аудиторлық палатасының Төрағасын, Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасын, Мемлекеттік құзет қызметінің Бастығын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі үкілді тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;

6) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын тағайындайды және лауазымынан босатады;

7) Қазақстан Республикасы дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

8) депутаттардың жалпы санының көпшілік даусысымен берілген Құрылтай келісімімен Кон-ституциялық Соттың он судьясын сегіз жыл мерзімге, Орталық сайлау комиссиясының алты мүшесін бес жыл мерзімге, Жоғары аудиторлық палатаның сегіз мүшесін бес жыл мерзімге тағайындайды; оларды лауазымынан босатады.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Консти-туциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республи-касының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күште-рінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және лауазымынан босатады;

10) жалпыхалықтық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды;

11) адамның және Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің Еге-мендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүд-десінде Конституциялық Сотқа құқығы енген заңның немесе өзге де құқықтық актінің Кон-ституцияға сәйкестігін қарау туралы және Кон-ституцияның 93-бабында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы өтініш жібереді;

4) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) Құрылтайдың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

6) Құрылтай шығаратын актіге қол қояды;

7) өзіне Құрылтай регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай Төрағасы Құрылтай сессиясын ашады.

5. Құрылтай Төрағасы өз қызыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

56-бап

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

4. Сессия Құрылтай отырысынан ашылады және жабылады. Құрылтай сессиясын ашуде, Қазақстан Республикасының Президенті ашады. Құрылтай сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінші ұсынсымен Құрылтайдың кезектегі тес сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

5. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екі қатысқан жағдайда өткізіледі.

6. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Регламентке көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президентінің, Премьер-Министрінің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырысқа қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

59-бап

1. Құрылтай конституциялық заңда саны айқындалатын тұрақты комитеттер, сондай-ақ комиссиялар құрады.

2. Комитеттер мен комиссиялар өз қызыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

60-бап

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтай депутаттарына, Үкіметке, Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі және тек қана Құрылтайға іске асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті заң жобаларын қараудын басымдылығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдауға тиіс дегенді білдіреді.

3. Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субьектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) мешік рөжіміне және өзге де заттық құқықтары;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджет, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әукеметтік қамсыздандыруға;

9) көсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;

16) Конституцияға сөйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидалар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

4. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жекел деп қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дөреу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгізген дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

5. Құрылтай қабылдаған заң он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен түсетін қабылдамай тастауға құқылы. Мұндай жағдайда заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

6. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің он қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілген заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

7. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданады, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қабылданған бастап қарық сегіз сағаттан кейін ғана қаралса салынады. Егер сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынып қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

61-бап

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар заң және қаулы қабылдайды.

2. Заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне еседі.

3. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

4. Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.

Но Конституцияда өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

5. Заңдар, Құрылтай қаулылары Конституцияға қайшы келмеуге тиіс. Құрылтай қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңмен және Құрылтай регламентімен реттеледі.

62-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

3. Құрылтайды төтеше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өклеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Конституцияның 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

V бөлім

Үкімет

63-бап

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қыз-

метіне басшылық етеді.

2. Үкімет – аалқы орган, ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Құрылтай алдында жауапты.

3. Үкімет мүшелері Конституцияның 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Құрылтайға есеп береді.

4. Үкіметтің қызыреті, ұйымдастырылу және қызмет тәртібі конституциялық заңда айқындалады.

64-бап

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Конституцияда көзделген тәртіпмен құрады.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне ант береді.

65-бап

Үкімет:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету ісінң негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мәнішті басқаруды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу шараларын әзірлейді;

6) министрліктердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық етеді;

7) Қазақстан Республикасының министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары әкімдерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды не қолданысын тоқтата тұрады;

8) мемлекеттік бюджет есебін қамтылатын барлық орган үшін қаржыландырудың және қызметкерлерге еңбек-ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен бекітеді;

9) өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

66-бап

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкімет қызметін ұйымдастырады және басқарады, оның жұмысы үшін дербес жауап береді;

2) Үкімет қаулысына қол қояды;

3) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Президент пен Құрылтайға баяндайды;

4) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басқаруға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

67-бап

1. Үкімет мүшелері өз қызыреті шегінде дербес шешім қабылдайды және өзіне бағынатын мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Премьер-Министр алдында дербес жауап береді. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны іске асырмайтын Үкімет мүшесі орнынан түсуге отініш береді не лауазымынан босатуыға тиіс.

2. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болуға, оқуыншылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төлемді лауазымды атқаруға, көсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес емес лауазымдық міндеті болатын жағдайларда қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кенесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

68-бап

1. Үкімет өз қызыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулы шығарады.

2. Премьер-Министр Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар өкім шығарады.

3. Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдері Конституцияға, заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс.

69-бап

1. Үкімет жанадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі орындау мүмкін емес деп есептесе, Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдеме беруге құқылы.

3. Құрылтай Үкіметке сенімсіздік вотумын білдірген жағдайда Үкімет Қазақстан Республикасының Президентіне орнынан түсу туралы мәлімдейді.

4. Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселен Қазақстан Республикасының Президенті он күн ішінде қарайды.

5. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

6. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

7. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін лауазымынан босатуға құқылы. Премьер-Министр лауазымынан босату бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

VI бөлім

Қазақстан Халық Кеңесі

70-бап

1. Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган.

2. Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

3. Қазақстан Халық Кеңесін құру, оның құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттігі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық заңда айқындалады.

71-бап

Қазақстан Халық Кеңесі:

1) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайту, Қазақстанның Республикасы қызметінің негіз құраушы қағидаларының және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

2) Құрылтайға заң жобаларын енгізеді;

3) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;

4) конституциялық заңға сөйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

VII бөлім

Конституциялық Сот

72-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты – конституциялық бақылауды жүзеге асыратын және бүкіл ел аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекеттік орган.

2. Конституциялық Сот Төраға мен он судьядан тұрады. Олардың өкілеттік мерзімі – сегіз жыл.

Конституцияға сөйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот судьясы болып тағайындалмайды.

3. Конституциялық Сот Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды және өкілеттік мерзімі ішінде Конституциялық Сот судьясы да болады.

Конституцияға сөйкес бір адам бір реттен артық Конституциялық Сот Төрағасы болып тағайындалмайды.

4. Конституциялық Сот судьяларын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен берілген Құрылтай келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьялары арасынан Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

5. Конституциялық Сот судьясының депутат маңы-датын қатар алып жүруіне, оқуыншылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төлемді лауазымды атқаруына, көсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кенесінің құрамына кіруге болмайды.

6. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі

ішінде тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не Құрылтайдың келісімісіз ұстауға, күзетіп ұстауға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын өкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

7. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы және қызметі конституциялық заңмен реттеледі.

73-бап

1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Құрылтай Төрағасының, Құрылтай депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің, Премьер-Министрдің отініші бойынша.

1) дау туындаған жағдайда Президенттің, Құрылтай депутаттарының сайлауын және жалпыхалықтық референдумды өткізудің дұрыстығы мәселесін шешеді;

2) Президент қол қойғанға дейін Құрылтай қабылдаған заңдардың Конституцияға сөйкестігін қарайды;

3) Құрылтай қабылдаған қаулылардың Конституцияға сөйкестігін қарайды;

4) халықаралық шарттарды ратификациялағанға дейін олардың Конституцияға сөйкестігін қарайды;

5) қалықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерінің орындалуының Конституцияға сөйкестігін қарайды.

6) Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді;

7) Конституцияның 50-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

2. Конституциялық Сот Конституцияның 46-бабының 11) тармақшасында көзделген жағдайда – Президенттің отінішін, сондай-ақ Конституцияның 79-бабында белгіленген жағдайда соттың отінішін қарайды.

3. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституцияда көзделген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сөйкестігін олардың отініштері бойынша қарайды.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сөйкестігін Бас Прокурордың отініші бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сөйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің отініші бойынша қарайды.

6. Конституциялық Сот Конституцияның 50-бабының 1-тармағында және 51-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайларда қорытынды береді.

74-бап

1. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотта отініш берілген жағдайда тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуі, Құрылтайдың сайланған депутаттарын тіркеу, жалпы-халықтық референдум қорытындысын шығару тоқтатыла тұрады.

2. Конституцияның 73-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық Сотқа отініш берілген жағдайда тиісті актілерге қол қою не оларды ратификациялау мерзімінің уәкі тоқтатыла тұрады.

3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.

75-бап

1. Конституцияға сөйкес келмейді деп танылған заңдар мен халықаралық шарттарға қол қойылмайды не ратификацияланбайды және олар қолданысқа енгізілмейді.

2. Конституцияға сөйкес келмейді деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот берген түсіндірмеде Конституцияға сөйкес келді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер, олардың жекелеген ережелері осы түсіндірмедегідей қолданылуға тиіс.

3. Конституциялық Сот орындалуы Конституцияға сөйкес келмейді деп таныған халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдері, оның ішінде жекелеген ережелері орындалмауға тиіс.

4. Конституциялық Сот шешімдері қабылданған күнінен бастап күшіне еседі. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болады және оларға шағым жасалмайды.

VIII бөлім

Сот төрелігі. Прокуратура.

Құқық қорғау тетіктері

76-бап

1. Қазақстан Республикасында сот төрелігін сот қана жүзеге асырады.

2. Сот билігі сот ісін жүргізудің заңда белгіленген азаматтық, өкімшілік, қылмыстық және өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады. Заңда көзделген жағдайда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабылерін қатысмаумен өтеді.

3. Қазақстан Республикасының соттары – Жоғарғы Сот, заңмен құрылған жергілікті және басқа да соттар.

4. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституцияда және конституциялық заңда белгілелді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

77-бап

1. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады, ол адамның, азаматтың, ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, сондай-ақ Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын мақсат етеді.

2. Сот билігі Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдануға байланысты туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

3. Сот шешімінің, үкімі мен өзге де қаулысының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

78-бап

1. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз болады және Конституция мен заңға ғана бағынады.

2. Сот төрелігін іске асырған кезде соттың қызметіне мүлдем араласауға болмайды және бұл заң бойынша жауаптылыққа алып келді. Судьялар нақты істер бойынша есеп бермейді.

3. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде мына қағидаларды басшылыққа алуға тиіс:

1) ешкімнің өзіне заңда көзделген сотталығын оның келісімінен өзгертуге болмайды;

2) сотта әр адамның өз сөзін тыңдауға құқығы бар;

3) айыпталушы өзінің кінәсіз екенін дәлелдеуге міндетті емес;

4) адамның кінәлі екеніне қатысты кез келген күмән айыпталушының пайдасына қарастырылады;

5) заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші жоқ. Ешкімді зіннің жеке мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды;

6) қылмыстық заңды үкесастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

4. Конституцияда белгіленген сот төрелігі қағидалары Қазақстан Республикасының барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай.

79-бап

Соттардың адам мен азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқығы жоқ.

Егер сот қолданылуға тиіс заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт адамның және азаматтың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, ол іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныммен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.

80-бап

1. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек қана заңда белгіленген негіздермен тоқтатылуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін

4 ШЫРАҚ

Алтын ұя

Мәдениеттегі орта мектеп

АПТА ОРТАСЫНДА БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БИКТЕРДІ БАҒАМДАУҒА АУДАНҒА ҚАРАСТЫ МӘДЕНИЕТ АУЫЛЫНА ЖОЛ ТАРТТЫҚ. БҰЛ ЖОЛҒЫ БАҒЫТ – І.ҚАБЫЛОВ АТЫНДАҒЫ №32 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ. АҚПАННЫҢ ЫЗҒАРЫ БЕТ ҚАРЫП, АЯЗ ӘЛІ ДЕ АЙЫЛЫН ЖИМАЙ ТҰРСА ДА, БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ КӨНІЛ ЖЫЛЫТТЫ.

Қазіргі оқу-ағарту саласындағы маңдай терімен мәнмұндалап тұрған білім ордасының тарихы тым әріде жатыр. 1928-1929 жылдары «Мәдениет» арнасына су жіберіліп, халық оның бойына қоныстана бастайды. «Мәдениет», «Кедей бірлік» ауыл шаруашылығы коммуналары құрылып, тіршілік тамыры тереңге жайылады. Ел еңсесін тіктеген сәтте балалар алғашқы сабағын «Дәулетназар» мешітінде өтеді. 1330-1942 жылдары халық егін саласына бет бұрып, «Мәдениет» жармасы бойын мекендейді. Шаруашылық ортасынан қамыстан салынған қарапайым қақыра мектеп болды. Ол «1 Май» деп аталды. Сабақ латын қарпінде жүргізілді.

Кейін «Қаратөбе» аталған жетіжылдық орта мектеп «Мәдениет мектебі» болып құрылып, 70 балаға арналған интернат жұмыс істеді. 1945 жылдан бастап мектеп жабылып, оқушылар Мақпалкөл ауылындағы орта мектепке қатынап білім алған кездер де болған. 1959 жылдан бастап жаңа кезең басталды. «Қызыл дихан» жетіжылдық орта мектебі, «1 Май» жетіжылдық мектебі, «Қаратөбе» бастауыш мектептері енді бірігіп, №32 орта мектеп ашылды. 1985 жылдан бастап мектепке жерлесіміз, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ілияс Қабылов есімі беріліп, қазірге дейін тұлғаның биік рухын арқалап келеді.

Оқушылар білім биігін бағындырды

Бүгінде мектеп-лицей – 371 оқушыға білім мен бағыт беріп отқан іргелі шаңырақ. Жаңа оқу жылында табалдырық аттаған 38 бүлдіршін мектепалды даярлық тобына қабылданды. Оқу ордасында жаратылыстану бағытына басымдық берілген. Биылғы білім бәйгесіне түсетін 27 жас талапкердің 10-ы биология-география пәнін таңдап отыр. Қаңтар айындағы ҰБТ қорытындысы да қуантады. Осы оқу жылында 2 «Алтын белгі», 2 «Ерекше аттестатқа үміткер» болса, жоғары меже 129 баллмен Жайна Мұқан көш бастады.

Кешегі күннің жемісі – бүгінгі биік белес. Өткен оқу жылында мектеп қабырғасынан 28 түлек қанат қақты. Олардың 22-сі мемлекеттік грант иеленіп, мектептің әлеуетін айқындады. ҰБТ көрсеткіші 81,1 пайызды құрса, биыл да ұжым жақсы нәтижеден үмітті. Себебі мұнда дайындық соңғы сыныпта емес, байқағанымыз. Ерте басталады. Тіпті онының сынып оқушыларының қабілеті мен бейімі сараланып, болашақ мамандық бағытына икемдеу жұмыстары қазіргіден қолға алынған.

Алтын ұя оқушылары билтырғы оқу жылында ауыл балаларына арналған республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша жақсы нәтиже көрсетіп, екі орын мектеп қоржынына бұйырды. Химия пәнінен Жайна Мұқан алтын медаль тақса, география пәнінен Шаттық Күзербай күміс-медалға қол жеткізді. Жетістік мұнымен шектелген жоқ. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың

облыстық кезеңі де олжасыз болған жоқ. Жайна Мұқан тағы бір мәрте жүлдегер атанса, Мансур Бейсенбай мен Қазақстан тарихынан 3-орын алған Аят Еңбек жас буынның қарымды қадамын танытты.

Оқу жылы басталысымен білім додасының дүбірі қайта күшейген. І.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицей үшін бұл үйреншікті үрдіс секілді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың бірінші кезеңінде 19 орын иеленсе, облыстық кезеңде де мектеп мерейі үстем болған.

Ауыл балаларына арналған олимпиаданың екінші кезеңінде үш оқушы 3-орын, бір оқушы алғыс хатқа ие болды. Ал республикалық шешуші кезеңде Жайна Мұқан күміс медаль иеленіп, 2-орынға табын тіреді.

Білім ордасының табалдырығын ағтай бөре тіршіліктің тамырын сезесің. Тек сабақ өтетін ғимарат емес, сантүрлі арманың тоғысқан мекені. Мектепте 64 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде 7 педагог-зерттеуші, 30 педагог-сарапшы, 22 педагог-модератор бар. Бұл – сапалы білімнің тірегі.

Мектеп жанын бойлай жүрсен, бір көрініс ерекше есте қалған. Арқаалаған сәмекінің салмағынан аяғын қарға сүйретіп келе жатқан бала. Бұл да болса кішкентай оқушыға демалыс екенін жасып білеміз, «Қайдан келесің?» деп жөн сұрастық, «Күрстен» деді қысқа да нұсқа, кескінімізге қарау қалерінде жоқ әзір. Десе де сөзге ашық, жатсынып тұрған жоқ. «МАД-та оқимын» дейді енді күлімсіреп, ұзын жолға түсуге ыңғайланып. Мұнда спорттық, пәндік, қолөнер, көркемсурет, би сияқты басқа да 15 үйірме жұмыс жасайды екен. 312 оқушы түрлі үйірмелерге тартылып, бала дамуына жан-жақты жол ашылыпты. Өткен оқу жылы да «Ұшқыр ой» дебат үйірмесі жүйелі жұмыс жүргізген. 30 оқушы қамтылған. Бұл ортада «Дара» және «Зверест» фракциялары белсенділік танытып, ой ерікіндігің, сөз мәдениетін шындады.

Сонымен қатар «Шебер қолдар» үйірмесі де үйлесімді іс атқарып жүр. Аядай ғана ортада 15 оқушы туындыларын дайындауда. Саусақ ұштарындағы нәзік қимыл көрінген сайын ораулы тоқыма жібі де ойнақыып қозғалады. Саз балшықтаң, көрек десеңіз, жүннен, моншақтаң да көз жауын алар дүниелер толып тұр. Соңғы үлгідегі қол сәмкесі, трендтегі аяқ киім, тіпті ұлттық нақыштағы қазақы көйлекті де оңай табасыз.

– Жыл сайын республикалық байқаулардан тыс қалмаймыз. Өнер долларына қатысып, мектеп намысын абыроймен қорғап жүрміз деп ойлаймын. Барлығы жинап қоймаймыз. Мектепшілік жәрмеңке өткізіп,

оқушылар жасаған бұйымдарды сатып, үйірме жұмыстарының қажетіне арнаймыз, – дейді үйірме жетекшісі Іңжу Жолмырзаева. Жырма үш жылдық еңбек өтілі бар технолог ұстаз білгені бөлісуден жалықпаған. Үйірме жұмыстарына арнап You Tube арнасын ашып, шеберлік сабақтарын да жариялап отыр.

Қоңырау соғылған сәтте болмаса, бей-берекет оқушылардың қарасын көрмейсіз. Барлығы өз сыныптарында. Әл-Фараби айтқан тәрбие мен білім мектепте қатар өрілгендей. Мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары Аязат Қыстаубайқызының айтуынша, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Ауыл мектебі – тең мүмкіндік» жобасы аясында үш бірдей кабинет заманауи құрылғылармен жабдықталған. Сапалы білім беруді мақсат еткен мектеп үшін берілген үлкен мүмкіндік екенін ерекше атап өтті.

Басты мүдде сапаға бағытталған

Сынып төрінде орналасқан ақ қорпатай құрылғының өзіндік атауы бар, тартпалы шкаф. Зертханалық тәжірибелер кезінде белінетін иістер мен газдар осы құрылғыда жұмыс жасалып, нәтижесі әп-сәтте экраннан қатар көре аласыз. Теория бірден тәжірибемен ұласады деген – осы.

Мектеп тіршілігі тек сыныптағы сабақпен ғана шектелмейді. Балаға біліммен қатар қамқорлық қажет. Бұл бағытта да мектеп жұмысы жүйелі. Әлеуметтік педагогтың айтуынша, биыл 218 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мәзір жас



әр қатысушы үшін үлкен мектеп. Бұл дода тек жеңіс пен жүлде үшін ғана емес, достар таптым. Қазір ортақ чатымыз бар. Тіпті бір-бірімізден білмегенімізді сұраймыз, – дейді қуаныштан.

Баяу күбрге толы тыныш әңгіме. Кабинетке көнеттен кірді ме екен, оқ қапта-лымыздан «Жайна, Жайнаш» деген ұстаздың өңдеткен мейірімді үні естілді. Даусын сөз созды да тақтадағы жазуларын реттеуге демде кірісіп кетті. «Мені осылай өркелетіп жүреді» дейді кейіпкеріміз тағы жымыйп.

Болашақта жалпы медицина саласын меңгеруді мақсат еткен жас түлек беделді оқу ордасы Астана медицина университетіне түсуді жоспарлап отыр. Адам жанына араша болар аққалтасты абзал жан атану – оның қазіргі асыл арманы. Әдетте бес оқушы бір ғана бағытты таңдап, сол арнамен шектеліп жатады. Ал Жайна Мұқан – шекараны кеңейткен шөкірт. Химия мен биологияны серік еткен талапкердің ағылшын тілі пәнінен де жарысқа қатысқанын естігенде таңданбасақ болмады. Жан-жақты оқушыдан мектеп мұғалімдері де үлкен үміт күтеді. Себебі ол – тек жоғары балл жинаған түлек қана емес, жауапкершілікті сезінетін, ізденуден жалықпайтын, еңбектен қашпайтын жас.

Білімді, өріс кен, ұлттық құндылықтан ажырамаған ұрпақты қалыптасып келе жатқаны – үлкен қуаныш. Кейіпкеріміз – бір мектептің ғана емес, болашаққа сенім артқан елдің үміті. Бүгінгі таппыныс – ертеңгі табыс. Ал табанды қадам биік белестерге бастайтыны сөзсіз.



Табиғаттың әрбір құбылысы – бір сыр. Көзге көрінбейтін өзгерістер, үнсіз жүретін реакциялар, бір заттың екінші күйге айналуы. Мұның бәрі – химия. Ал сол тылсым әлемді жас ұрпаққа таныстырып, ғылымға іңкәрлік ояту – үлкен өнер. Әсіресе химия сияқты терең пәнді оқыту шеберлік пен жаңашылдықты талап етеді. Күрделі ғылымды шөкірт жүрегіне жеңіл жеткізіп жүрген І.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейдің ұстазы Мархабат Алдабергенқызы.

Білікті педагог

Мархабат Мұстафаева – жаны жұмсақ ұстаз. Десе де бүгінде оның оқушылары республикалық додаларда жүлдені қолдан бермейтін ұшқыр шөкірттерге айналғалы қашқан. Химия сабағында тек формула жатталмайды. Ол жерде ойлау қалыптасады, талдау жасалады, дәлдік пен ұқыптылық тәрбиеленеді. Ал ғылымды құрғақ дерек емес, тірі құбылысқа айналдыра алатын педагог қана құпиясы мол әлемге бар ынта-сымен жетелейді.

Әдетте бала көңілі біреуге қарап бой түзейді деген рас. Көз алдындағы тұлғаның жүрісінен өнеге, сөзінен бағыт іздейді. «Ұстаз – ұлы есім» деп бекер айтпаған. Өзінің айтуынша, мұғалімдік жолды таңдауға мектеп қабырғасындағы химия пәнінің мұғалімі Шұғыла Маханбетова алапының тағалымы әсер еткен. 2001 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің табалдырығын аттаған талапкер қыз, төрт жылды артақ тастап, шебер маман болып шықты. Бүгінде өзі түлеген оқу ордасында табан аудармай 20 жыл еңбек етіп келе жатқан педагог-сарапшы.

Адам болмысы – бір қызық жаратылыс. Кейде алысып-жұлыспай-ақ адал еңбектің өзі абырой биігіне көтеретін сәттер болады. Кейіпкеріміздің еңбегі сөзбен мақтанбаса да, іске жомарт ұстаздың беделі де осында, шөкірт жетістіктерімен өлшеніп жүр. Әсіресе ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Жайна Мұқан, Аянат Демеген мұғалім мәртебесін марқайтып келеді. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан шөкірттері де мемлекеттік грант иеленіп, әр салада еңбек етіп жүр.

Сабақ – ол үшін жай ғана тақырып түсіндіру емес, ой ояту алаңы. Озық технологияларды тиімді пайдаланып, жасанды интеллект пен түрлі платформаларды сабақ үдерісіне енгізу – бүгінгі білім кеңістігінің тынысын деп басқан қадам.

Еңбегі елеусіз қалған жоқ. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша аудандық білім бөлімі оны білім саласындағы дамуына қосқан үлесі үшін «Үздік шығармашыл ұстаз» номинациясымен марапаттады.

Иә, жақсының еңбегі жарқырап жатады. «Химия пәнінен оқушыларды ББЖМ-ға дайындау арқылыфункционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбындағы аудандық семинар-практикумда тәжірибе бөлісуі, «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы педагогтердің тамыз кеңесіне химия мұғалімдерінің аудандық әдістемелік алаңында көрсеткен жұмысы, «Lesson study – білім сапасын арттырудың тиімді тәсілі» тақырыбындағы аймақтық семинардағы жұмысы шығармашыл ұстаз ретіндегі беделін бекіте түсті. Ал облыстық оқу орталығы ұйымдастырған семинарда «Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша биология, химия пәндерінен нәтижеге жету жолдарын тиімді ұйымдастыру» және «Дарынды оқушыны олимпиадаға дайындау» тақырыбындағы таныстырылымы оның тәжірибесі тек аудан көлемінде ғана емес, облыс деңгейінде мойындалғанын аңғартады.

– Менің мақсатым – білім беру арқылы болашаққа үлес қосу. Оқушының кеше ғана сенімсіз айтқан жауабы бүгін нық пікірге айналса, сол сөз – мұғалім үшін рухани ләззат. Сынып жетекшісі болуым менің езімді де дамытты. Балалармен күнделікті пікір алмасу, олардың тосын ойлары мен батыл ұсыныстары кейде тың идеялардың тууына себеп болады. Ра-сында «Ақыл – жастан» деп бекер айтпаған, – дейді Мархабат Алдабергенқызы.

Ұстаз болу – уақытпен жарысу емес, уақыттан озық ойлау. Сағаттар сырғуымен өте марапат қағаздары сарғары, атақ ұмтытылар. Ал шөкірт жүрегіне ұялаған із – мәңгілік. Оның адал еңбекпен өрілген ұстаздық жолы – абыройдың ең биік басыпа-дағы. Ал сол баспалақтап асықпай сеніммен көтеріліп келе жатқан жанның болмысы құрметке лайық.

Бетті дайындаған Гүлжан ЕСЖАН

ЕСКЕ АЛУ

Өмірден өтсе де, көңілден кетпейтін біз үшін аяулы бір жан бар. Ол – бірге туып, бір ұяда өскен бауырымыз Тәшкенбаев Ермек Шаймаханұлы.

Жан бауырымыздың арамдыздан кеткеніне де біршама уақыт болыпты. Осында уақыт ішінде ол біздің ойымыздан бір сәт те шыққан емес, жадымыздың қалың қатпарында, жүрегіміздің терең түпкірінде сақталып тұр. Тек өзі жоқ, әулетіміздегі орны осырар қалды. Сағынымыз, іздеміз, жоқ-таймыз. Қайтып оралмайтыншына көзіміз жеткенімен, көңіліміз сенгісі келмейді. Бірақ Аппаның ісіне амалымыз жоқ. Ол мейірімді, жүрегі жұмсақ еді. Бәрімізді ойлап, қиналып жүрсе, уайымдап, тілекші болып отыратын жанашырымыз еді...

Ортамызда тірі жүргенде бауырымыз биыл алпыс жасқа толар еді. Алпыс жасын тойлап, айналасында отырар едік. Амал не, мерейлі жасын көрмеді. Алайда тәубесі бар мұсылманбыз ғой, бауырымыздың артында аяулы жары және балалары мен немерелері қалды. Соларды көріп, жұбанамыз, шүкір өтеміз. Өзі жасамаған жасы мен көрмеген қызығын ұрпағының көргенін Аппадан тілейміз!

Жайың жарық, топырағың торқа болсын! Сен біздің есіміздесін, жан бауыр!

Өзіңсіз мына өмір мәңсіз кейде, Өзіңсіз тіршілік те нәрсіз кейде. Сағынғанда қараймыз суретіңе, Қарайды біздерге бір жансыз бейне...

Күнәсі болса, көшіріп пәндесің, Жұмақ ашсын алдынан енді есің! Жаныңды періштелер әлділесін, Тәніңді тербеп жатсын жер-бесің!

Еске алушылар жұбайы, балалары, бауырлары, немерелері



Партанын орта тұсында отырған қарапайым ғана қыздың бастапқыда жан ду-

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №259

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН